

**«Аяжан» жекеменшік балабақшасының
ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ҚҰЖАТТАРЫ**

2026 жыл.

Қазақстан Республикасының білім беру мекемесінің қамқоршылық кеңесі туралы Ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің ережелері «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленген. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 27.01.2017 жылы № 14751 болып тіркелген «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 22 қазандағы №501 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 715 бұйрығы шығарылды.

1.2. Білім беру ұйымының қамқоршылық кеңесі (бұдан әрі - Қамқоршылық кеңес) білім беру ұйымын алқалы басқару нысанының бірі болып табылады.

1.3. Қамқоршылық кеңес өз жұмысында Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы қағиданы, сондай-ақ білім беру ұйымының Жарғысын басшылыққа алады.

1.4. Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата - аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі ведомстволармен және басқа да ұйымдармен өзара қарым-қатынаста болады.

1.5. Қамқоршылық кеңес заңды тұлға болып саналмайды, банк мекемелерінде өз есептік шоты, жеке өз балансы, мөрі, мөртаңбасы болмайды.

1.6. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз қызметтерін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

2. Қамқоршылық кеңестің құрамы, құрылымы және қызметі

2.1. Қамқоршылық кеңес аталған білім беру ұйымының құрылтайшысы және білім алушылардың ата-аналарының бастамасы бойынша жалпыжиналыста құрылуы мүмкін.

2.2. Қамқоршылық кеңестің құрамына:

- 1) басқа да білім беру ұйымдарының, басқару органдарының өкілдері;
- 2) жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестіктер;
- 3) қоғамдық ұйымдардың, қорлардың, қауымдастықтардың өкілдері;
- 4) демеушілер кіруі мүмкін.

2.3. Қамқоршылық кеңестің құрамы 3 жыл мерзімге сайланады. Мүшелерінің саны 5 - тен кем болмауы керек. Жаңа өкілдер, егер олардың кандидатурасына отырысқа қатысушы мүшелерінің жартысынан көбі дауыс берсе ғана ҚК құрамына қабылдануы мүмкін. Қажет болған жағдайда жалпы жиналыстың шешімімен оның құрамына жекелеген өзгерістер енгізілуі мүмкін.

2.4. Қамқоршылық кеңестің отырысында ашық дауыспен сайланатын оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады.

Төраға Қамқоршылық кеңестің атынан арнайы өкілеттісіз әрекет етеді, оны білім беру ұйымының, мемлекеттік органдар және басқа да тараптар алдында таныстырады.

Төраға Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережелерге сәйкес қамтамасыз етеді.

2.5. Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасарын Қамқоршылық кеңес сайлайды.

2.6. Хатшыны Қамқоршылық кеңес сайлайды және ол Қамқоршылық кеңестің іс-қағаздарын жүргізуге жауап береді.

2.7. Қамқоршылық кеңестің отырыстары оның жұмыс жоспарына сәйкес, жылына кемінде бір рет өткізіледі.

Жоспардан тыс отырыстар қажеттілікке қарай Қамқоршылық кеңес төрағасының шешімімен немесе Қамқоршылық кеңестің төрттен бір мүшелерінің талаптары бойынша өткізіледі.

2.8. Қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің кемінде 2/3-сі отырысқа қатысса, шешім қабылдауға құқылы.

Қамқоршылық кеңестің шешімі ашық дауыс берумен оның қатысып отырған мүшелерінің басым көпшілігінің дауысымен қабылданады.

2.9. ҚК отырыстары ашық түрде өткізіледі. Тек қана ҚК мүшелері мен жеке шақырылған адамдар ғана қатыса алатын жабық отырыстар қызметтік немесе коммерциялық құпиясы бар мәселелерді қарастыратын жағдайда ғана өткізіледі.

2.10. ҚК шешімдері хаттамалармен ресімделеді, оған төрағалық етуші мен отырыстың хаттамасын жүргізетін хатшы қол қояды.

2.11. ҚК мүшесінің өкілеттігі мерзімнен тыс мынадай жағдайда токтатылуы мүмкін:

- ҚК мүшесінің өтінішімен

- ҚК мүшесінің денсаулық жағдайына немесе ұйым орналасқан орында ұзақ болмауы себебіне байланысты өз міндеттерін орындау мүмкіндігі болмаған жағдайда

ҚК мүшесі қылмыстық жауапкершілікке тартылған немесе ол жарамсыз қылық жасаған жағдайда

3. Қамқоршылық кеңес жұмысының мақсаттары:

3.1. білім беру ұйымына оның жарғылық қызметтерін жүзеге асыруға ықпал ету;

3.2. білім беретін оқу бағдарламаларын ойдағыдай іске асыру мақсатында білім беру ұйымының оқушылары мен педагогикалық ұжымы үшін қажетті жағдайлар жасау;

3.3. білім беру ұйымына қаржылық қолдауды, материалдық-техникалық базасын күшейтуді қамтамасыз ету;

3.4. білім беру ұйымының әрі қарай дамуына ықпал ету;

3.5. білім беру ұйымы жұмысының, оның ішінде қаржы қаражаттарын бөлу жұмыстары үшін қоғамдық бақылауды жүзеге асыру.

4. Қамқоршылық кеңес қызметінің негізгі бағыттары:

4.1 білім беру ұйымына әлеуметтік-мәдени, сауықтыру және дамыту іс-шараларын өткізуге көмек көрсету;

4.2 тәрбие мен оқыту саласында халықаралық ынтымақтастықты орнату мен дамытуға ықпал ету;

4.3 халықтың әлеуметтік осал жіктерінен шыққан білім алушылардың білім алуына, тұрмыс жағдайларын жақсартуына және еңбекпен қамтылуына ықпал ету;

4.4. білім беру ұйымының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар енгізу болып табылады;

4.5. Мектептің оқу-тәрбие жұмысын дамытудың көкейгесті міндеттерін шешу;

4.6. Мектептегі міндеттерді қазіргі талапқа сай шеше алатын, жан - жақты білімді, тәрбиелейтін орталық ретінде қалыптастыру;

4.7. Жаңа ақпараттық және педагогикалық технологияны енгізу, оқу - тәрбие жұмысында тиімді пайдалана білу;

4.8. білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесінің алдында есебін тыңдау болып табылады.

5. Негізгі міндеттері:

5.1. мектептің үздіксіз жұмыс істеуіне және дамуына ықпал ету;

5.2. білім үрдісін жетілдіруге, білім сапасын арттыруға, оқу - материалдық және техникалық базасын жақсартуға қатысу;

5.3. мектептің қаржы, материалдық және қолдаудың басқа түрлерін жүзеге асыруда күш - жігерді біріктіру, қызметі мен дамуын қамтамасыз ету үшін қосымша ресурстарды тарту;

5.4. білім үрдісіне қатысушылар құқығының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру;

6. Қамқоршылық кеңесінің функциялары:

6.1. мектеп миссиясын анықтауға, даму стратегиясын бекітуге қатысады, дүркін - дүркін қызметін бағалауды жүргізеді;

6.2. Қамқоршылық кеңесі қоры қаражатын жұмсау бойынша қоғамдық бақылау жүргізеді;

6.3. білім беру және еңбек тәртібі заңдарына сәйкес, «Білім» заңына, бала құқығын қорғау заңына және еңбек тәртібі ережелеріне сәйкес болашақ бағыттарын ұйымдастыруға және айқындауға ықпал жасайды;

6.4. мұғалімдердің шығармашылық қабілеттерін арттыруға, жаңа технологияны меңгеруіне, оқушылардың білім сапасын арттыруға көмектеседі;

6.5. жетім, қамқорлықсыз қалған оқушыларға әлеуметтік көмек көрсетеді;

6.6. мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын ескеріп, кәсіподақ ұйымымен бірлесе әрекет етеді;

7. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:

7.1. құрылтайшының бастамасы бойынша;

7.2. Қамқоршылық кеңестің бастамасы бойынша;

7.3. білім беру ұйымын таратуға және қайта ұйымдастыруға байланысты жүзеге асырылады.

Қамқоршылық кеңес өз жұмысының қорытындысын жыл соңында сараптайды.

Кеңестің жыл аяғындағы отырысында мектеп директоры атқарған жұмысы туралы есеп береді, ал кеңес мектептің оқу - тәрбие жұмысына баға беріп, келесі оқу жылындағы жұмысына толықтырулар енгізеді.

**Қамқоршылық кеңестің торағасы және комиссия мүшелерін сайлау
туралы**

«Мұнайлы аудандық білім бөлімі» бойынша Бисқұдық ауылдық округінің
«Аяжан» жекеменшік балабақшасы

Қамқоршылық кеңесінің торағасы:

-Омирузакова Раушан– тораға, жергілікті өкілдік;

Қамқоршылық кеңестің комиссия мүшелері:

- Таймағанбетова Гүлзипа Махмутовна- мұғалім;
- Ирязбеков Ғабит- жеке кәсіпкер;
- Елемесов Досан- ЖСШ «ОСК» мұнайшы;
- Еркебасв Нурлан - РОВД капитан;
- Ноярузова Жанар - ата-ана;
- Текеева Рита- кәсіподақ төрайымы;
- Кабулов Нурлыбек - жек кәсіпкер;

Қамқоршылық кеңестің хатшысы:

-Г.Султанова -ата –ана, хатшы;

КЕЛІСІЛДІ:
 ҚК төрағасы
 Омирзақова Раушан
 «_05_» қыркүйек 2026ж.

БЕКІТІЛДІ:
 балабақша
 директоры Д. Ирзабекова
 «_05_» қыркүйек 2026ж.

**«Амжан» жекеменшік балабақша ҚК-нің 2026-2027 жылға арналған
 ЖОСПАРЫ**

№	Іс-шаралар	Орындау мерзімі	Күтілетін нәтиже	Орын даушы	Қаржы Көзі
1	«Ең үздік топ» байқауын ұйымдастыру	2026-2027 оқу жылы	Ережесі, Байқау қорытындысы	педагогтер ҚК	Демеуші
2	«Ең үздік топ үлескісі» байқауын ұйымдастыру	2026-2027 оқу жылы	Ережесі, Байқау қорытындысы	Әдіскер, педагогтер, ҚК	Демеуші
3	«Кішкентай ханшайым», «Кішкентай ханзада» байқауын ұйымдастыру	2026-2027 оқу жылы	Ережесі, Байқау қорытындысы	Әдіскер, педагогтер, ҚК	Демеуші
4	«Кім жылдам», спорттық сайысын ұйымдастыру	2026-2027 оқу жылы	Ережесі, Байқау қорытындысы	Әдіскер, педагогтер, ҚК	Демеуші
5	Облыстық, аудандық байқауларға, сайыстарға қатысқан балабақша тәрбиеленушілеріне сыйлық беру	2026-2027 оқу жылы	Ережесі, Байқау қорытындысы	Әдіскер, педагогтер, ҚК	Демеуші

Мунайлы ауданы
Басқұдық ауылы
«Аяжан» балабақшасы
ЖК «Шаменова»

Басқұдық а Өндірістік а/к 3 ғ/н 53
130006.Басқұдық а



Мунайлинский район
Село Басқұдық
Детский сад «Аяжан»
ИП «Шаменова»

с Басқұдық Промзона 3 здание 53
130006.Басқұдық с.

БҮЙРЫҚ
05.09.2026 ж. №18

ПРИКАЗ
05.09.2026 г. №18

**Қамқоршылық кеңестің төрағасы және
комиссия мүшелерін сайлау туралы**

«Мунайлы аудандық білім бөлімі» бойынша Басқұдық ауылдық округінің
«Аяжан» жекеменшік балабақшасы:

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:
- Омирузакова Раушан

Қамқоршылық кеңестің комиссия мүшелері:
- Таймаганбетова Гулзипа Махмұтовна - мұғалім;
- Ирзабеков Габит
- Елемесов Досан
- Еркебаев Нурали
- Ноорұзова Жазир
- Тексеаа Рита
- Кабулов Нурлыбек

Қамқоршылық кеңестің хатшысы:
- Султанова Гулмәраа

Балабақша директоры:



Д.Ирзабекова

№1 ХАТТАМАСЫ

05 қыркүйек 2026жыл

Басқұдық ауылдық округі

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңестің құрамын сайлау туралы;

Тыңдалды

Новрузова Жанар (ата-ана):Қамқоршылық кеңес жұмысының білім беру ұйымына оның жартылық қызметтерін жүзеге асыруға ықпал етуге, оқу бағдарламаларын ойдағыдай іске асыру мақсатында мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу ұйымдарының тәрбиеленушілері мен педагогикалық ұжымы үшін қажетті жағдайлар жасауға, мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу ұйымдарына қаржылық қолдауды, материалдық-техникалық базасын күшейтуді қамтамасыз етуге, мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу ұйымдарының әрі қарай дамуына, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру және дамыту іс-шараларын өткізуге, тәрбие мен оқыту саласындағы ынтымақтастықты орнату мен дамытуға ықпал етуге ат салысатындығын атап көрсете келе, ҚК төрағасына Омирзакова Раушанды ұсынды.

Таймағанбетова Гуллина (мүгалім):ҚК жұмысының мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу ұйымына қаржылық қолдауды, материалдық-техникалық базасын күшейтуді қамтамасыз ететіндігін, мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу ұйымының әрі қарай дамуына ықпал ете отырып, оның ішінде қаржылық қаражатты бөлу жұмыстарын қоғамдық бақылауды жүзеге асыратындығын айта келе Новрузова Жанардың ұсынысын қолдайтындығын білдірді және төраға орынбасары қызметіне ата-ана әрі жергілікті өкілі Омирзакова Раушанды, хатшы жұмысына ата-ана Султанова Гулмаралды ұсынды.

ҚК төрағасы мен орынбасары, хатшысы бір ауыздан сайланды.

Шешім:

Мұнайлы аудандық білім бөлімі бойынша Басқұдық ауылдық округі «Аяжан» жекеменшік балабақшасының ҚК төмендегідей құрамына сайлансын.

ҚК төрағасы:

Омирзакова Р. - төраға, жергілікті өкілі ;

Қамқоршылық кеңестің комиссия мүшелері:

Ирзабеков Габит-ата-ана




Елемесов Досан-ата-ана

Еркебаев Нурлан- ата-ана

Новрузова Жанар -ата-ана

Қамқоршылық кеңестің хатшысы:

Г.Султанова -ата –ана, хатшы

ҚК төрағасы		Р.Омирзакова.
ҚК мүшелері		Ирзабеков Габит
		Д.Елемесов
		Н.Еркебаев
		Ж.Новрузова

«Аяжан» балабақшасы ҚК комиссиясы отырысының
ХАТТАМАСЫ №2

« 05 қыркүйек 2026 жыл

Басқұдық ауылдық округі

Күн тәртібі:

1.Қамқоршылық кеңестің Ережесін бекіту туралы:

Тыңдалды:

Б.Қалмағанбетова (ҚК төрағасы)-Қамқоршылық кеңес қызметінің және оша сайлау тәртібінің ережелері «Білім туралы» Қазақстан Республикасы заңы 44- бабының 9 –тармағына сәйкес әзірленген.Қазақстан Республикасының Әділет министірлігінде 27.01.2017 жылы №14751 болып тіркелген «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік кағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 22 қазандағы №501 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2016 жылғы 22 желтоқсандағы №715 бұйрығы шығарылған.

Білім беру ұйымының қамқоршылық кеңесі білім беру ұйымын алқалы басқару нысанының бірі болып табылады.

Қамқоршылық кеңес өз жұмысында Қазақстан Республикасының заңнамасын,осы қағиданы,сондай-ақ білім беру ұйымының Жарғысын басшылыққа алады.

Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен,мүдделі ведомстволармен және басқа да ұйымдармен өзара қарым- қатынаста болады.


Қамқоршылық кеңес заңды тұлға болып саналмайды, банк мекемелерінде өз есептік шоты,жеке өз балансы,мөрі,мөртаңбасы болмайды.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз қызметтерін орындауы өтеусіз негізінде жүзеге асырылады.ҚК жұмысында Ережені басшылыққа алады.


Қамқоршылық кеңес құрамы Ережені бекітті.

Шешім:

«Мұнайлы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты Басқұдық ауылдық округінің «Аяжан» жекеменшік балабақшасы» МКҚК-ны

ҚК төрағасы  Р.Омирзахова.


ҚК мүшелері  Ирзабеков Габит

 Д.Елемесов

 Н.Ержебаев

 Ж.Новрузова

Хатшы

 Г.Султанова

БАЛАБАҚША ӘКІМШІЛІГІ МЕН ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ӨЗ АРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МЕХАНИЗІМІ

Қамқоршылық кеңес	Балабақша әкімшілігі
Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу ұйымының қажеттілігін анықтайды	Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу ұйымының қажеттілігін анықтау барысында қамқоршылық кеңестің қызметіне кедергі келтірмей көмектеседі.
Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу ұйымның қажеттілігінің негізіне сүйеніп жасалған жоспарды бірлесе дайындауға қатысады және жүзеге асыруға атсалысады	Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу ұйымының қажеттілігі негізіне сүйеніп жасалған жоспарды бірлесе дайындауға қатысады және жүзеге асырауды ұйымдастырады.
Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу ұйымының қоғамдық мәдени көпшіл шараларына атсалысады.	Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу ұйымының қоғамдық мәдени көпшіл шараларына ҚК мүшелерінің қатысуын қамтамасыз етеді.
ҚК жылына 1 рет ата- аналар жиналысында есеп береді.	Балабақша әкімшілігі ҚК алдында оқу жылында жылына 2 рет (жарты жылдық нәтижесі бойынша) есеп береді.
ҚК мүшелері педагогикалық кеңестің отырыстарына, ата-аналар жиналыстарына қатыса алады.	Балабақша әкімшілігі ҚК мүшелерін ПК отырыстарына, ата –аналар жиналыстарына қатысуына кедергі келтірмейді.
Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу ұйымының бірлескен іс-шара жоспарын жүзеге асыру үшін қаржы көзін тартады.	Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу ұйымының басшысы ҚК –ке бірлескен іс-шара жоспарын жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарға алдын-ала сұраныс береді.
ҚК мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу ұйымының бюджеттен және демеушілерден бөлінетін қаржының жария, ашық және әділ бөлінуін қадағалауға, комиссия құрамында қатысуға мүдделі	Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу ұйымына бюджеттен бөлінген қаржылардың тиімді жұмсалуды қамтамасыз ету, шешім қабылдау процессіне ҚК қатысуына кедергі келтірмеу.
ҚК төрағасы хатшылық жұмысын ұйымдастыруды қадағалайды.	ҚК хатшылығының қызметін ұйымдастыруға қажетті ресурстарды қамтамасыз етеді.

БЕКІТЕМІН:
«Аяжан» жекеменшік балабақша
директоры  Ирзабекова Д.



«Ең үздік топ үлескісі» байқауы

2026-2027жж

«ЕҢ ҮЗДІК ТОП ҮЛЕСКІСІ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

«Ең үздік топ үлескісі» байқауы балабақша аумағындағы топтардың серуен алаңдарын (үлескілерін) көркейту, қауіпсіз әрі эстетикалық дамытушы орта қалыптастыру, балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру және тәрбиешілер мен ата-аналардың бірлескен еңбегін насихаттау мақсатында ұйымдастырылады.

Байқау балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес өткізіледі.

2. Байқаудың мақсаты

- Балабақша аумағын абаттандыру және көгалдандыру;
- Балалардың қауіпсіз әрі қызықты ойын ортасын қалыптастыру;
- Табиғатты қорғауға және еңбекке баулу;
- Тәрбиешілердің шығармашылық ізденістерін қолдау;
- Ата-аналарды балабақша өміріне белсенді тарту.

3. Міндеттері

- Топ үлескілерінің эстетикалық безендірілуін жетілдіру;
- Табиғи және қайта өңделетін материалдарды тиімді пайдалану;
- Гүлзарлар мен жасыл желектерді көбейту;
- Балалардың жас ерекшелігіне сай ойын және танымдық бұрыштар ұйымдастыру;
- Үлескілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

4. Қатысушылар

Байқауға балабақшаның барлық топтары қатысады.

5. Байқауды өткізу мерзімі

Өткізілетін күні: _____

Өткізілетін орны: Балабақша аумағы.

6. Бағалау критерийлері

Қазылар алқасы төмендегі көрсеткіштер бойынша бағалайды:

1. Үлескінің тазалығы мен санитарлық жағдайы – 10 балл;
2. Көгалдандыру жұмыстары (гүлдер, ағаштар, сәндік өсімдіктер) – 10 балл;
3. Эстетикалық безендірілуі – 10 балл;
4. Балалардың ойын және танымдық аймақтарының ұйымдастырылуы – 10 балл;
5. Ұлттық нақыштағы безендіру элементтері – 10 балл;
6. Қауіпсіздік талаптарының сақталуы – 10 балл;
7. Қайта өңделетін материалдарды шығармашылықпен қолдану – 10 балл;
8. Ата-аналардың қатысу деңгейі – 10 балл;

9. Шығармашылық жаңашылдығы – 10 балл;

10. Жалпы көркемдік әсері – 10 балл.

Жалпы ұпай – 100 балл.

7. Қазылар алқасы

Қазылар алқасының құрамына:

- балабақша меңгерушісі;
- әдіскер;
- шаруашылық меңгерушісі;
- кәсіподақ төрағасы;
- ата-аналар комитетінің өкілі кіреді.

8. Марапаттау

Байқау қорытындысы бойынша:

- I орын – «Ең үздік топ үлескісі» дипломы;
- II орын – диплом;
- III орын – диплом;
- «Ең көркем үлескісі»;
- «Ең жасыл үлескісі»;
- «Ең шығармашыл үлескісі»;
- «Үздік гүлзар»;
- «Ата-аналар қолдауы» номинацияларымен марапатталады.

«ЕҢ ҮЗДІК ТОП ҮЛЕСКІСІ» БАЙҚАУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес ұйымдастырылған «Ең үздік топ үлескісі» байқауы жоғары деңгейде өткізілді. Байқаудың негізгі мақсаты – балабақша аумағын көркейту, балаларға қолайлы, қауіпсіз және эстетикалық талаптарға сай серуен алаңдарын қалыптастыру, сондай-ақ тәрбиешілер мен ата-аналардың бірлескен еңбегін насихаттау болды.

Байқау барысында барлық топтардың үлескілері қазылар алқасы тарапынан белгіленген бағалау критерийлеріне сәйкес қаралды. Әрбір топ өз үлескісін ерекше безендіріп, гүлзарлар отырғызып, табиғи және қайта өңделетін материалдардан сәндік бұйымдар жасап, балаларға арналған ойын және танымдық бұрыштар ұйымдастырды.

Тәрбиешілердің шығармашылық ізденістері, ата-аналардың белсенді қолдауы және балалардың табиғатты қорғауға деген қызығушылығы анық байқалды. Үлескілердің тазалығы, қауіпсіздігі, эстетикалық көркемдігі мен функционалдық мүмкіндіктері жоғары деңгейде бағаланды.

Қазылар алқасының шешімімен ең жоғары ұпай жинаған топ «Ең үздік топ үлескісі» атағына ие болып, дипломмен марапатталды. Сонымен қатар басқа қатысушылар түрлі номинациялар бойынша марапаттарға ие болды.

Өткізілген байқау балабақша аумағын абаттандыруға, ұжым арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға, ата-аналардың белсенділігін арттыруға және балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға зор үлес қосты.

Қорытынды

«Ең үздік топ үлескісі» байқауы өз мақсатына толық жетті. Байқау нәтижесінде топтардың серуен алаңдары жаңартылып, эстетикалық талаптарға сай безендірілді. Балалар үшін қауіпсіз, қызықты және дамытушы орта қалыптастырылып, тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстары қолдау тапты. Алдағы уақытта бұл игі дәстүр жалғасын тауып, балабақша аумағын көркейту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілетін болады.

1

БЕКІТЕМІН:
«Аяжан» жекеменшік балабақша
директоры  Ирзабекова Д.



«Ең үздік топ» байқауы

2026-2027жж

«ЕҢ ҮЗДІК ТОП» БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Тақырыбы:

«Ең үздік топ»

Мақсаты:

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, достық қарым-қатынасты нығайту, ұйымшылдыққа, белсенділікке, тапқырлыққа тәрбиелеу және топтар арасында достық сайыс ұйымдастыру.

Міндеттері:

- Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Топпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру;
- Өз ойын еркін жеткізуге үйрету;
- Ұлттық ойындар мен салт-дәстүрді дәріптеу;
- Салауатты өмір салтын насихаттау.

Қатысушылар:

- «Айгөлек» ересек тобы
- «Болашақ» ортаңғы тобы

Өткізілетін күні:

Өтетін орны:

Балабақшаның музыка залы.

Байқау кезеңдері

I кезең – «Таныстыру» (10 балл)

Әр топ өз атауын, ұранын және эмблемасын таныстырады.

II кезең – «Өнерлі өрге жүзер» (10 балл)

Балалар ән, би, тақпақ немесе шағын көрініс көрсетеді.

III кезең – «Шапшаң болсаң, озып көр!» (10 балл)

Эстафеталық спорттық ойындар ұйымдастырылады.

IV кезең – «Білгірлер сайысы» (10 балл)

Жұмбақтар шешу, логикалық тапсырмалар орындау.

V кезең – «Шебер қолдар» (10 балл)

Берілген уақыт ішінде сурет салу немесе шығармашылық жұмыс орындау.

VI кезең – «Ұлттық ойын» (10 балл)

«Арқан тарту», «Асық ату», «Орамал тастау» немесе басқа ұлттық ойындар.

Бағалау критерийлері

- Ұйымшылдық – 10 балл;
- Белсенділік – 10 балл;
- Шығармашылық – 10 балл;
- Тапқырлық – 10 балл;
- Тәртіп сақтау – 10 балл;
- Өзара сыйластық – 10 балл.

Жалпы ұпай – 60 балл.

Марапаттау

Қазылар алқасының шешімімен:

- «Ең үздік топ»;
- «Өнерлі топ»;
- «Тапқыр топ»;
- «Белсенді топ» номинациялары бойынша марапатталады.

«ЕҢ ҮЗДІК ТОП» БАЙҚАУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Балабақшада ұйымдастырылған «Ең үздік топ» байқауына «Айгөлек» ересек тобы мен «Болашақ» ортаңғы тобы қатысты.

Байқау барысында балалар өздерінің өнерлерін көрсетіп, ән айтып, би биледі, тақпақ оқыды, шығармашылық тапсырмалар орындады және спорттық эстафеталарға белсенді қатысты. Сонымен қатар логикалық тапсырмалар мен ұлттық ойындар кезеңінде ұйымшылдықтарын, тапқырлықтарын және достық қарым-қатынастарын көрсетті.

Қазылар алқасы қатысушылардың белсенділігін, шығармашылығын, ұйымшылдығын, тапсырмаларды орындау сапасын және сахна мәдениетін бағалады.

Байқау қорытындысы бойынша барлық балалар жоғары белсенділік танытып, бір-біріне қолдау көрсетті. Іс-шара көтеріңкі көңіл күйде өтіп, балалардың шығармашылық

кабілеттерін дамытуға, достық қарым-қатынасты нығайтуға және өзара сыйластыққа тәрбиелеуге ықпал етті.

Қазылар алқасының шешімімен жеңімпаз топ «Ең үздік топ» дипломымен марапатталды. Қалған қатысушы топтарға арнайы номинациялар мен алғыс хаттар табысталды.

Қорытынды: Байқау өз мақсатына толық жетіп, тәрбиеленушілердің өнерін, ұйымшылдығын және белсенділігін арттыруға оң әсерін тигізді.

1

БЕКІТЕМІН:
«Аяжан» жекеменшік балабақша
директоры  Ирзабекова Д.



«Кішкентай ханзада» байқауы

2026-2027жж

«КІШКЕНТАЙ ХАНЗАДА» БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

«Кішкентай ханзада» байқауы – мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленуші ұл балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, өнерге баулу, сахна мәдениетін қалыптастыру және олардың жан-жақты дамуына ықпал ету мақсатында ұйымдастырылатын тәрбиелік іс-шара.

Байқау балабақшаның жылдық жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

2. Байқаудың мақсаты

- Ұл балалардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамыту;
- Батылдыққа, әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу;
- Ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттау;
- Балалардың өзіне деген сенімділігін арттыру;
- Ата-аналар мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

3. Міндеттері

- Балалардың өнерге деген қызығушылығын арттыру;
- Сахнада еркін сөйлеу және өзін ұстау мәдениетін қалыптастыру;
- Ұлттық киім мен ұлттық тәрбиені дәріптеу;
- Әр тәрбиеленушінің жеке қабілетін ашуға жағдай жасау;
- Шығармашылық белсенділігін қолдау.

4. Қатысушылар

Байқауға балабақшаның ересек және мектепалды даярлық топтарының ұл тәрбиеленушілері қатысады.

5. Өткізу орны

Өтетін орны: Балабақшаның АКТ залы.

6. Байқау кезеңдері

I кезең – «Өзімді таныстырамын» (10 балл)

Қатысушы өзінің аты-жөнін, жасын, арманы мен қызығушылығын таныстырады.

II кезең – «Өнерлі ханзада» (10 балл)

Ән айту, би билеу, күй орындау, такпак оқу немесе шағын көрініс көрсету.

III кезең – «Шебер жігіт» (10 балл)

Қарапайым шығармашылық немесе құрастыру тапсырмасын орындау, колөнер бұйымын таныстыру.

IV кезең – «Білгір ханзада» (10 балл)

Жас ерекшелігіне сай сұрақтарға жауап беру, мақал-мәтелді жалғастыру немесе жұмбақ шешу.

V кезең – «Спорт – денсаулық кепілі» (10 балл)

Жылдамдықты, ептілікті және ұйымшылдықты талап ететін спорттық эстафета.

7. Бағалау критерийлері

Қазылар алқасы қатысушыларды келесі талаптар бойынша бағалайды:

- Өзін таныстыру шеберлігі – 10 балл;
- Шығармашылық өнері – 10 балл;
- Сахна мәдениеті – 10 балл;
- Тапқырлығы мен білім деңгейі – 10 балл;
- Белсенділігі мен ептілігі – 10 балл;
- Жалпы көркемдік бейнесі – 10 балл.

Жалпы ұпай – 60 балл.

8. Қазылар алқасы

Қазылар алқасының құрамына:

- балабақша меңгерушісі;
- әдіскер;
- музыка жетекшісі;
- дене шынықтыру нұсқаушысы;
- ата-аналар комитетінің өкілдері кіреді.

9. Марапаттау

Барлық қатысушылар дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталады.

Номинациялар:

- Бас жүлде – «Кішкентай ханзада»;
- «Өнерлі ханзада»;
- «Тапқыр ханзада»;
- «Батыл ханзада»;
- «Спортшы ханзада»;
- «Көрермен қозайымы».

«КІШКЕНТАЙ ХАНЗАДА» БАЙҚАУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес ұйымдастырылған «Кішкентай ханзада» байқауы жоғары деңгейде өтті. Байқаудың мақсаты – ұл балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, олардың батылдығын, ептілігін және өнерге деген қызығушылығын арттыру болды.

Байқауға қатысқан бүлдіршіндер өздерін еркін таныстырып, ән айтып, би билеп, тақпақ оқып, шығармашылық тапсырмаларды орындады. Сонымен қатар білім сайысында тапқырлықтарын көрсетіп, спорттық кезеңде ептілік пен жылдамдықтарын дәлелдеді.

Қазылар алқасы әрбір қатысушының өнерін, сөйлеу мәдениетін, шығармашылық қабілетін, белсенділігін және сахнада өзін ұстауын белгіленген критерийлер бойынша бағалады. Барлық қатысушылар байқауға үлкен қызығушылықпен қатысып, өз өнерлерін жоғары деңгейде көрсетті.

Байқау қорытындысы бойынша ең жоғары ұпай жинаған қатысушы «Кішкентай ханзада» атағына ие болып, Бас жүлдемен марапатталды. Қалған қатысушылар «Өнерлі ханзада», «Тапқыр ханзада», «Батыл ханзада», «Спортшы ханзада» және «Көрермен көзайымы» номинациялары бойынша дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Қорытынды

«Кішкентай ханзада» байқауы өз мақсатына толық жетті. Іс-шара балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, сахна мәдениетін қалыптастыруға, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге және өзіне деген сенімділігін арттыруға ықпал етті. Байқау көтеріңкі көңіл күйде өтіп, тәрбиеленушілерге жарқын әсер қалдырды.

БЕКІТЕМІН:
«Аяжан» жеке меншік балабақша
директоры  Ирзабекова Д.



«КІШКЕНТАЙ ХАНШАЙЫМ» БАЙҚАУЫ

2026-2027жж

«КІШКЕНТАЙ ХАНШАЙЫМ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

«Кішкентай ханшайым» байқауы – мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленуші қыз балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, сахна мәдениетін қалыптастыру және өнерге деген қызығушылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылатын тәрбиелік іс-шара.

Байқау балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес өткізіледі.

2. Байқаудың мақсаты

- Қыз балалардың өнерге деген қызығушылығын дамыту;
- Әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеу;
- Ұлттық салт-дәстүр мен мәдениетті насихаттау;
- Шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу мәдениеті мен сахнада өзін-өзі ұстау дағдыларын қалыптастыру;
- Балалардың өзіне деген сенімділігін арттыру.

3. Міндеттері

- Әр баланың жеке қабілетін ашуға мүмкіндік жасау;
- Эстетикалық талғамын қалыптастыру;
- Ұлттық киім мен ұлттық құндылықтарды дәріптеу;
- Ата-аналар мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

4. Қатысушылар

Байқауға балабақшаның ересек және мектепалды топтарының қыз тәрбиеленушілері қатысады.

5. Байқауды өткізу орны

Өткізілетін орны: Балабақшаның акт залы.

6. Байқау кезеңдері

I кезең – «Таныстыру» (10 балл)

Қатысушы өзін таныстырады, аты-жөнін, жасын, қызығушылығын айтып, қысқаша ұранын ұсынады.

II кезең – «Өнерлі ханшайым» (10 балл)

Өн айту, би билеу, таклақ оқу немесе музыкалық нөмір орындау.

III кезең – «Сән әлемінде» (10 балл)

Ұлттық немесе мерекелік киім үлгісін таныстырып, сахнада еркін жүріп көрсету.

IV кезең – «Өнерлі қолдар» (10 балл)

Қарапайым шығармашылық тапсырманы орындау немесе колонер бұйымын таныстыру.

V кезең – «Білгір ханшайым» (10 балл)

Жүргізушінің жас ерекшелігіне сәйкес қойған сұрақтарына жауап беру, мақал-мәтелді жалғастыру немесе жұмбақ шешу.

7. Бағалау критерийлері

- Сахна мәдениеті – 10 балл;
- Өзін таныстыру шеберлігі – 10 балл;
- Шығармашылық қабілеті – 10 балл;
- Киім үлгісінің әсемдігі – 10 балл;
- Әдептілігі мен сөйлеу мәдениеті – 10 балл;
- Белсенділігі – 10 балл.

Жалпы ұпай – 60 балл.

8. Қазылар алқасы

Қазылар алқасының құрамына балабақша әкімшілігі, әдіскерлер, педагогтер және ата-аналар комитетінің өкілдері кіреді.

9. Марапаттау

Барлық қатысушылар дипломдармен және сыйлықтармен марапатталады.

Номинациялар:

- Бас жүлде – «Кішкентай ханшайым»;
- «Өнерлі ханшайым»;
- «Сымбатты ханшайым»;
- «Шығармашыл ханшайым»;
- «Көрермен көзайымы»;
- «Инабатты ханшайым».

«КІШКЕНТАЙ ХАНШАЙЫМ» БАЙҚАУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес ұйымдастырылған «Кішкентай ханшайым» байқауы жоғары деңгейде өтті. Байқаудың негізгі мақсаты – қыз балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұлттық тәрбиені насихаттау және олардың бойындағы әдептілік, сыпайылық, инабаттылық қасиеттерін қалыптастыру болды.

Байқауға қатысқан бүлдіршіндер өздерін еркін таныстырып, өнерлерін көрсетті. Өн айтып, би билеп, тақлақ оқып, шығармашылық тапсырмаларды орындауда ерекше белсенділік танытты. Сонымен қатар ұлттық киімдерді әдемі таныстырып, сахнада өзін-өзі ұстау мәдениетін көрсете білді.

БЕКІТЕМІН:
«Аяжан» жекеменшік балабақша
директоры  Ирзабекова Д.



«Кім жылдам?» байқауы

2026-2027жж

«КІМ ЖЫЛДАМ?» СПОРТТЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

«Кім жылдам?» спорттық байқауы мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, ептілікке, жылдамдыққа және ұйымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылады.

Байқау балабақшаның жылдық іс-шаралар жоспарына сәйкес өткізіледі.

2. Байқаудың мақсаты

- Балалардың дене шынықтыруға деген қызығушылығын арттыру;
- Жылдамдық, ептілік және төзімділік қасиеттерін дамыту;
- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- Балалардың өзара достық қарым-қатынасын нығайту;
- Командалық жұмысқа баулу.

3. Міндеттері

- Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру;
- Балалардың батылдығы мен шапшаңдығын дамыту;
- Спорттық ойындар арқылы көңілді орта қалыптастыру;
- Әділдікке және тәртіп сақтауға тәрбиелеу.

4. Қатысушылар

Байқауға балабақшаның:

- **Ортаңғы топ тәрбиеленушілері;**
- **Ересек топ тәрбиеленушілері** қатысады.

Қатысушылар командаларға бөлінеді.

5. Өткізу орны

Өтетін орны: Балабақшаның ойын алаңы.

6. Байқау кезеңдері

I кезең – «Жылдам жүгіру»

Белгіленген қашықтыққа эстафеталық жүгіру.

II кезең – «Допты дәл жеткізу»

Допты кедергілер арасымен алып өтіп, мәреге жеткізу.

III кезең – «Кедергіден өт»

Балалар доға астынан өтіп, белгілерді айналып, мәреге жетеді.

IV кезең – «Секіргіштер»

Белгіленген орынға дейін қос аяқпен секіріп жету.

V кезең – «Кім епті?»

Қапшыққа заттарды тез жинау немесе сақиналарды нысанаға дәл лақтыру.

7. Бағалау критерийлері

Қазылар алқасы төмендегі көрсеткіштер бойынша бағалайды:

- Жылдамдығы – 10 балл;
- Ептілігі – 10 балл;
- Тапсырманы дұрыс орындауы – 10 балл;
- Командалық ұйымшылдығы – 10 балл;
- Белсенділігі – 10 балл;
- Тәртіп сақтауы – 10 балл.

Жалпы ұпай – 60 балл.

8. Қазылар алқасы

Қазылар алқасының құрамына:

- балабақша меңгерушісі;
- әдіскер;
- дене шынықтыру нұсқаушысы;
- педагогтер кіреді.

9. Марапаттау

Байқау жеңімпаздары төмендегі марапаттарға ие болады:

- Бас жүлде – «Ең жылдам команда»;
- I орын;
- II орын;
- III орын.

Арнайы номинациялар:

- «Ең ұйымшыл команда»;
- «Ең епті команда»;
- «Жеңіске деген жігері үшін».

Барлық қатысушылар дипломдармен және мадақтамалармен марапатталады.

«КІМ ЖЫЛДАМ?» СПОРТТЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес ұйымдастырылған «Кім жылдам?» спорттық байқауына ортаңғы және ересек топ тәрбиеленушілері белсенді қатысты. Іс-шараның мақсаты – балалардың дене дайындығын жетілдіру, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, спортқа деген қызығушылығын қалыптастыру және достық қарым-қатынасты нығайту болды. Байқау барысында тәрбиеленушілер әртүрлі спорттық эстафеталар мен қимылды ойындарға қатысып, өздерінің жылдамдықтарын, ептіліктерін және ұйымшылдықтарын көрсетті. Балалар барлық тапсырмаларды қызығушылықпен орындап, бір-біріне қолдау білдірді. Қазылар алқасы қатысушылардың жарыс ережесін сақтауын, тапсырмаларды дұрыс орындауын, жылдамдығын, белсенділігін және командалық бірлігін бағалау критерийлеріне сәйкес әділ бағалады. Байқау қорытындысы бойынша ең жоғары ұпай жинаған команда «Ең жылдам команда» атағына ие болып, дипломмен марапатталды. Сонымен қатар басқа командалар арнайы номинациялар бойынша марапаттарға ие болды.

Қорытынды

«Кім жылдам?» спорттық байқауы балалардың денсаулығын нығайтуға, қимыл-қозғалыс белсенділігін дамытуға және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған маңызды іс-шара болды. Байқау тәрбиеленушілердің ептілігін, шапшаңдығын, ұйымшылдығын арттырып, достық пен өзара қолдау сезімін қалыптастыруға ықпал етті.